

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 1 (2021)

ПАВЛОДАР

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета**

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/RPSN2986>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.

д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора

Абыкенова Д. Б., *PhD доктор*

Ответственный секретарь

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,

д.п.н., профессор

Жумагаева Е.,

д.п.н., профессор

Абибулаева А. Б.

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Белоруссия)

Мирза Н. В.,

д.п.н., профессор

Донцов А. С.,

доктор PhD

Шокубаева З. Ж.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

FTAMP 14.37.27

<https://doi.org/10.48081/BFIV8111>**Ф. М. Кертаева^{1*}, А. С. Магауова²**

¹Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.;

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

АДАМ САНАСЫН РУХАНИ ЖАҢҒЫРТУҒА ҚАТЫСТЫ АБАЙДЫҢ АҚЫЛЫ

Бұл мақалада ұлы ойшыл Абайдың шығармашылық мұрасы қазақ халқының рухани байлығын асырып қана қоймай, әлемдік мәдениет қазынасына қосқан үлесі, тағылымы бүгінгі таңда да өміршең, адамның рухани дамуында ерекше орынға ие болары атап айтылған. Мұнда жалпыадамзаттық құндылықтарға рухани–адамгершілік негізі ретінде мән берілген.

Абайдың асыл мұра ретінде қалдырған ақылын рухани байлығымыз ретінде қолдана білсек, кең байтақ еліміздің әлем кеңістігінде абыройы арта берері сөзсіз екеніне мақалада ерекше көңіл бөлінген. Мұнда егемендігіне ие болған Қазақстан елінің өркениетті дамуында жас ұрпаққа тәрбие мен білім берудің мазмұнын ұлттық рухани мұра негізінде қайта қарастырып, оны қоғам талабына сай жоғары сапалық деңгейге көтеру – бүгінгі таңдағы көкейкесті мәселені шешуде Абай ақылшымыздың шығармаларындағы ізгіліктік идеялардың жас жеткіншектердің санасында маңызды орын аларының мәні ашылған.

Мақалада осы тұрғыда Абай ақылы ұстаздың деонтологиялық сипаты тұрғысынан қарастырылған, яғни оның сан қырлы білім алып, тәрбиеленуі, парыздылық сана сезімі, таным және ерік үдерістерінің нәтижесі болып табылатынына айтарлықтай көңіл бөлінген.

Қорыта айтқанда, мақалада ойшылдың рухани-адамгершілік тәрбие туралы идеялары, білімді, ағартушылықты, мәдениетті жан-жақты дамытудағы ролі, психологиялық-педагогикалық ғылымның дамуына қосқан үлесіне ерекше назар аударылады.

Кілтті сөздер: Абай, ғылым, сана, рухани жаңғыру, деонтология.

*«Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе,
Адалдықты өздесең,
Жаттап тоқы көңілге».*

С. Торайғыров

Кіріспе

2020 жылы көрнекті ағартушы, XIX ғасырдың ұлы ақыны, ойшыл Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойы атап өтілуде, оның шығармашылық мұрасы қазақ халқының руханилығын байытып қана қоймай, әлемдік мәдениет қазынасына өз үлесін қосты. Ұлы Абай адам санасына әсер ету жолында халық мұрасының мәнін жоғары бағалады, рухани бағыттағы ойларымен тарих бетінде қалды, өз елінің азаматтарының жандүниесінің рухани құндылықтарға бай болуын мақсат тұтты.

Әдістер мен материалдар

Абай – халқымыздың ұлы ойшысы. Оның «толық адам» ілімі мен жантану ілімінің басты тақырыбы – адам, жеке тұлға, ал басты мақсаты – адам тәрбиесі. Адам болғанда да, адамдар үшін еңбек ететін, жан-жақты жетілген адам. Ол «нағыз адам», «толық адам» қандай болу керек деген сұраққа жауап іздейді, әрі өзінің әрбір сөздерінде соған жауап береді. Ақын: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек», «Адамды адам қылатыны – сезім, ой, рух, білім, өнер, адамгершілік, сана, әрекет», – [1] деп, толық адамның қасиеттерін Қара сөздерінде санамалап береді. Сондықтан, Абайды таныту заманауи адамның санасын Рухани жаңғырту ісінде ерекше орынға ие екені күмән тудырмайды.

Осыған қатысты абайтанушы ғалым Есім Ғарифолла ерекше ой айтқан «Абай сияқты тұлғалар тек ұлттың ойлау кеңістігінде ғана қалып қоятын ойшыл емес, ол Ренессанстық (Жаңғыру) тұлға. Ренессанстық дегенге мен адамзатқа тән биік ой, идеяларды тот бастырмай әр заманда жаңартып, жаңғыртып отыратын әлемдік кеңістікке шыға алатын даналардың данышпандығын айтып отырмын» – деп, заманына сай адам санасын рухани жаңғыртуға қатысты Абайдың ақылы ерекше орынға ие екенін атап айтып кеткен [2].

Өйткені, «Ренессанс өткенді ой елегінен өткізіп, содан болашаққа тірек болатын құндылықтар тауып, оны жаңа заманға сай жаңарту, жаңғырту. Осы тұрғыдан келсек, Қазақстан Республикасы өзінің тариханда «алтын ғасырлары» болған, яғни тарихи-мәдени, саяси құндылықтары болған» [3].

Абай тұлғаның рухани үйлесімді дамуының нәтижесінде бүгінгі тұрмыс-тіршілігін ғана емес, болашағын сәулелі күйде елестетуге болатынына кәміл

сенген. Сондықтан «Абай лебі, абай үні, абай тынысы – заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр», [4] – деген Мұхтар Әуезовтың ой түйірі бүгінгі күнде ерекше мәнге ие.

Егемен Қазақстан елінің өркениетті дамуында жас ұрпаққа тәрбие мен білім берудің мазмұнын ұлттық рухани мұра негізінде қайта қарастырып, оны қоғам талабына сай жоғары сапалық деңгейге көтеру – бүгінгі таңдағы көкейкесті мәселенің бірі. Қоғамның рухани дамуының сипаттамасы заманауи ғылыми ізденістер, жаңа идеялар, көзқарастар, теориялар, құндылықтар, нормалар, қағидаттар, сезімдер, эмоциялар, әдет-ғұрыптар, дәстүрлер т.б. қоғамның өмір сүруінің рухани аспектісін білдіретін маңызды философиялық ұғымдардан тұрады.

Адамның санасын Рухани жаңғырту негізінде, интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алды деуге болады.

Бұл туралы Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты көлемді мақаласында: «Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді. Сондықтан Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн.... Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет. Абай қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырды. Оның мұрасы – парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі.....Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі» [5], – деп атап өткен.

Абай адам санасын рухани құндылықтарға бағыттауға қатысты психологиядан арнайы еңбек жазғандай, оның қара сөздерінен осы ғылымның сан алуан мәселелеріне байланысты көңіл аударарлық түрлі ой-пікірлерді табуға болады. Ойшыл-ақынның ғақлия сөздерінде жалпы психологияның – жан мен тәннің арақатынасы, педагогикадан адамның даму жолындағы тәрбие мен білімнің атқаратын қызметі, сондай-ақ бала психологиясы мен қоғамдық психологияның жекелеген мәселелері де (адамның жеке басына және жасына байланысты ерекшеліктері, өзін-өзі тану мен таным процестері жайлы, ұлттық мінез-құлық т.б.) көрініс тапқан.

Абай 19-шы қара сөзінде «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады» [1], – деп ақыл-естің тәрбиенің жемісі арқылы жетілетінін айтады. Жалпы

психологияда ес бір-бірімен ұштасқан дара бөліктерден құралған күрделі психикалық процесс ретінде қарастырылады. Ес адамға өте қажет жан құбылысы. Оның арқасында субъекті жеке басының өмірлік тәжірибесін жинақтап, сақтап, соңғы пайдасына жаратады. Адам баласының өткен тәжірибесінен қалған мәліметтерді жадында қалдырып, сақтап, кейін бұрын білгендерін жойып алмастан, оларды қайта танып, жаңғыртумен ақпарат топтауы – ес, деп аталады [6]. Осы тұжырымдамалармен Абайдың пайымдаулары мағыналас. Себебі, ақын адам баласы үшін дыбыстарға, табиғат көріністеріне, дәмге негізделген бейнелі естің, яғни түйсіктерге сәйкес келетін көру, есіту және дәмдік ес түрлері өте маңызды болып келетінін айтып өткен.

Ата-бабамыз сақтап қалған кең байтақ еліміздің кеңістігін осы қарбалас заманда «қанаттыға қақтырмай, түмсықтыға шоқтырмай» өркендету - бүгінгі қауымның басты міндеті. Экономиканы да, индустрияны да, ғылымды да өрістететін адам ақылы, оның рухтық кеңістігі. Сондықтан қандай шет елден, қандай пайдалы кеңес, инвестиция, ұтымды келісім, тағы сол сияқты қажеттіліктер келеді деп, жан-жаққа елендемей еленетіндей істер атқаруға әрбір адам дәрменді болуына жәрдемдесіп, қадағалау – заман талабы. Әрине, шағын адам санымен мол жерге ие болу – оңай іс емес. Ол үшін бір адамның ақылы, біліктілігі, құзырлығы, парасаттылығы, рухани байлығы, тағы осындай ізгі қабілет-қасиеттері он адамның іс-әрекетін ұтымды атқаруға жететіндей болу керек. Ондай адамды тәрбиелеу мәселесі өз шешімін күтуде. «Баланы – бастан» демекші, бала кезінен әрбір адамның жандүниесін ел мүддесін ескере дамыту қажеттігі күмән тудырмайды.

Әбіш Кекілбаев ағамыз айтуы бойынша: «Уақыттың жалғыз өлшемі бар: адам ғұмыры. Адам ғұмырының жалғыз өлшемі бар: арттағы ұрпақтың қамы үшін бітіретін іс». «Ұрпақ қамы үшін бітіретін істің» бірі – жаны сау, дені сау ел қамын ойлайтын, рухани байлығы мол ұл, қыз тәрбиелеп өсіру. Мұндай істі жүзеге асыру үшін қандай қам-қаражат, моральдық, материалдық жағдай қажет. Мұнда өте маңызды, белді шарттың бірі - ұстаз тұлғасының кемелдігі, «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» болады деп, халық тегін айтпаған. Осы тұрғыда ғұлама ойшыл Абай Құнанбайұлы ұстаздық еткен адам тұлғасына көп көңіл бөліп, олардың біліктік мінездемесі мыналардан құралады дейді: 1) батыл; 2) жарылқаушы (өзінді және өзгені); 3) мейірімді; 4) сүйікті; 5) кешіруші; 6) қорғаушы; 7) айыпты жабушы; 8) қызық беруші; 9) пайда беруші; 10) басқарушы; 11) кірсіз, жаны таза; 12) негізі бар; 13) күнөсін біліп, оны тазарта алушы және т.б. [7].

Мұнда Абай жалпы ғылымнан қуат алған ізгілікті, парасатты адамның тұлғалық моделін жасаған, ал «білікті тұлғасы» дегенінен біз ұстаздыққа

қатысты қасиеттерді тізді деген ойдамыз. Осы тұрғыда Абай ақылын ұстаздың деонтологиялық сипаты тұрғысынан қарастыруға болады, яғни оның сан қырлы білім алып, тәрбиеленуі, парыздылық сана сезімі, таным және ерік үдерістерінің нәтижесі болып табылатын парыздылық месел (уәж) мен кәсіптік мінез-құлқ тәсілдерінің синтезімен, болашақ педагогтың мінез-құлқындағы кәсіптік этикаға деген тұрақты көзқараспен, өзін-өзі икемдеу, жетілдіру көрінісімен сипатталады. Мұнда «деонтологиялық сипаты» деген кәсіби іс- әрекетте парыздылықты міндеттенуді қамтитын сананың күйі, өйткені педагогикалық деонтология – ұстаздың кәсіби парызына сәйкес мінез-құлқы туралы ғылым [10]. Ұстаздың деонтологиялық даярлығының деңгейі оның санасының кәсіби парыздылыққа негізделу мөлшеріне тәуелді. Ондай даярлыққа жету үшін ұстаз өзін-өзі тәрбиелеу мәселесіндегі маңызды да мәнді іс-әрекеттерді меңгеру керек. Осыған қатысты Абайдың ақылын «Он бесінші қара сөзінде» табуға болады. Онда ол : «Егерде есті кісінің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасына бір, ең болмаса, айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірінді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жок, не болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың» [1], – деп, адамдарды өз ісі мен амал-қимылдарына сыншыл көз тастай білуге шақырады. Бұл өзіне-өзі, өз әрекетіне талдау жасау өзін-өзі танып-білудің басты амалы. Оны педагогикада, психологияда – рефлексия деп атайды. Соңғы кездері психологиялық зерттеулерде білім берудегі тұлғаның барлық әлеуетін ашу идеялары, «психологиялық рефлексия» ұғымының еншісінде.

Нәтижелер және талқылау

Олай болса, бұдан шығатын қорытынды – әрбір есті адам, әсіресе ұстаз күнделікті істеген әрекетіне талдау жасап, өмірін мәнді өткізуге тырысып, дүниедегі өз орнын тауып, лайықты іс-қимыл жасауға ұмтылуы қажет.

Осы тұрғыда Абай адамның жандүниесіне ерекше мән беріп, мінезін, өзін-өзі тануын, адамды жат қылықтардан аулақ болуға шақырып, психология, философия, педагогика ғылымдарының зерттеу нысаны болып табылатын жоғары сезімдерге: махаббат пен парыз, борыш сезімдеріне тәрбиелеуге ерекше көңіл бөледі. Оның еңбектерінде адам, әлем, дүние табиғатының оның жүрегінен табылған мың наданмен алысқан ақыл-ойы жатыр. Абайды тану, абайтану бір ғана әдебиеттің, ғылым мен өнертанудың, мәдениеттің ғана ісі емес, психологияның, педагогиканың, білімдендіру қызметінің ісі, яғни жалпы мемлекеттік іс.

Психология ғалымы Т. Тәжібаев: «...Абай тек қана асқан кеменгер ойшыл ақын ғана емес, сонымен қатар ірі философ, психологиялық білімдер

жүйесін насихаттаумен айналысқан ғұлама. Ол ұлттық психологиялық ұғымдардың негізін қалады...» [8], – деп тұжырымдайды.

Елбасы Н. Назарбаев атап көрсеткендей, «Абай Құдайдан кейінгі күдіретіміз, оның қара сөздері Құраннан кейінгі қасиетіміз. Абайды Абай еткен, оны әлемдік тұғырға көтерген оның мәңгі жасайтын қасиетті дана сөздері. Ғасырлар легі ауысқанмен, оның сөздерінің жаңа қыры ашылып, ғұмырының ұзара түскеніне еріксіз таң қалып, мойынсұнарысың. Адамшылықты іздесең Абайды оқы, қалай өмір сүруді үйренгің келсе Абайға жүгін, білім мен ғылымды іздесең Абайды ақтар, өз заманыңның алдыңғы қатарлы адамы болғың келсе Абайға үңіл. Абайдың күдіреттілігі сонда, оның сөздері болашақтікі екендігінде. Заң да, заман да, қоғамдық қатынас та, билік те бәрі өтпелі, бірақ Абай қара сөздері мәңгілік» [9].

Қорытынды

Абай мұраты – адамды адамгершілік, кісілік жағынан жетілдіру, қазақ қоғамын ілгері дамыған мәдениетті елдер қатарына қосу. Оның қара сөздеріндегі педагогикалық және психологиялық ой-пікірлері осыны дәлелдейді. Ол сомдаған бірін-бірін толықтырып отыратын ұлттық бейнелер адамдарды бірлікке, еңбек етуге, адамгершілікке, үнемі жанжаңғыруына шақырған ұлттық мүддеден туған. Сондықтан, қорыта айтқанда, Абай тағылымы бүгінгі таңда да өміршең, адамның рухани дамуында ерекше орынға ие. Оның асыл мұра ретінде қалдырған ақылын рухани байлығымыз ретінде қолдана білсек, кең байтақ еліміздің әлем кеңістігінде абыройы арта берері сөзсіз.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Құнанбайұлы, А.** Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы : Жазушы, 2005, 2 т.
- 2 **Есім Ғарифолла.** Абай туралы философиялық трактат. – Алматы : Қазақ университеті, 2004. – 83 б.
- 3 **Есім Ғарифолла.** Қазақ ренессансы. – Алматы : Қазақ университеті, 2006. – 98 б.
- 4 **Әуезов М.** Абайтану дәрістерінің дерек көздері [Мәтін] / құраст. Л. Әуезова, М. Мырзахметұлы. – Алматы : Санат, 1997.
- 5 **Тоқаев, Қ.-Ж.** «Egemen Qazaqstan» газеті, 2020 ж., № 5 «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан».
- 6 **Сәбет Баб-Баба.** Жалпы психология (Жантану негіздері) : Оқу құралы. – Алматы, 2004.

7 Абайдың дүниетанымы мен философиясы / Жауапты редактор Нысанбаев Ә. – Алматы : Ғылым, 1995. – 114 б.

8 Психология / Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 8 т. – Алматы : «Баспалар үйі», 2006.

9 **Назарбаев, Н.** «Абай и наше время». Абай, наследники на перепутье». – Алматы, 1995.

10 **Кертаева, Г. М.** Педагогикалық деонтология негіздері : оқу құралы. – Алматы, 2014. – 204 б.

References

1 **Abai Qūnanbaiūly.** Şyğarmalarynyñ eki tomdyq tolyq jinağy [A complete two-volume collection of his works]. – Almaty : Jazuşy, 2005. – 2 t.

2 **Esım Ğarifolla.** Abai turaly filosofialyq traktat [A philosophical treatise on Abai]. – Almaty : Qazaq universiteti, 2004. – 83 b.

3 **Esım Ğarifolla.** Qazaq renesansy [Kazakh Renaissance]. – Almaty : Qazaq universiteti, 2006. – 98 b.

4 **Äuezov Mūhtar.** Abaitanu dāristeriniñ derek közderi [Sources of lectures on Abay studies] / qūrast. L. Äuezova, M. Myrzahmetūly. – Almaty : Sanat, 1997.

5 **Qasym-Jomart Toqaeв.** // «Abai jāne XXI ğasyrdağy Qazaqstan» [«Abay and Kazakhstan in the XXI century». – Egemen Qazaqstan newspaper, 2020,

6 **Sābet Bab-Baba.** Jalpy psihologia (Jantanu negizderi) [General psychology (fundamentals of Psychology)] : Oqu qūraly. – Almaty, 2004.

7 Abaidyñ dūnietanymy men filosofiasy [Worldview and philosophy of Abai]. Jauapty redaktor Ä. Nysanbaev. – Almaty : Ğylym, 1995. – 114 b.

8 Psihologia / Adamzat aqyl-oiynyñ qazynasy [Psychology / Treasures of the human mind]. 8 t. Almaty : «Baspalar üi», 2006.

9 **Nazarbaev, N.** «Abai i naše vremä». Abai, nasledniki na perepute» [Abay and our time. Abay, descendants on the borde]. – Almaty, 1995.

10 **Kertaeva, G. M.** Pedagogikalıyq deontologia negizderi [Fundamentals of pedagogical deontology]: Oqu qūraly. – Almaty, 2014. – 204 b.

Материал 15.03.21 баспаға түсті.

Г. М. Кертаева^{1*}, А. С. Мағауова²

¹Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Республика Казахстан, г. Нур-Султан;

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 15.03.21.

СОВЕТ АБАЯ ПО ДУХОВНОМУ ВОЗРОЖДЕНИЮ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ

В данной статье раскрывается значение творческого наследия великого мыслителя Абая на формирование гармоничной личности посредством духовно-нравственных и базовых национальных ценностей. Оно не только формирует высшие духовные ценности казахского народа, но и вносит вклад в сокровищницу мировой культуры, и на сегодняшний день занимает особое место в духовном развитии человека. Абай Кунанбаев считал, что в результате гармонично-духовного развития личности можно модернизировать не только настоящее государства, но и его будущее, побуждая чувства гражданина страны воспитывать в себе общечеловеческие ценности долга и должного перед страной.

Особое внимание в статье уделено тому факту, что если мы сможем использовать драгоценное наследие Абая, как духовное богатство, то модернизация общественного сознания осуществится на должном уровне.

В статье уделяется внимание деонтологической характеристике учителя с позиции мудрости Абая, т. е. рассматривается проблема деонтологической готовности представителей общества как средства обеспечения благополучия государства в целом и как стратегический инструмент в духовно-нравственном воспитании молодежи.

В статье раскрывается творческое наследие великого мыслителя Абая, которое не только повышает духовные богатства казахского народа, но и вносит вклад в сокровищницу мировой культуры, и на сегодняшний день занимает особое место в духовном развитии человека. Из вышеописанного следует, что в данной статье особое внимание уделяется познанию Абая, абаеведению, это не только дело литературы, науки и искусства, культуры, но и дело психологии, педагогики, образовательной деятельности, т. е. общегосударственное дело.

Ключевые слова: Абай, наука, сознание, духовная модернизация, деонтология.

G. M. Kertayeva^{1}, A. S. Magauova²*

¹Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan;

²Al-Farabi Kazakh National University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 15.03.21.

ABAI'S ADVICE ON THE SPIRITUAL REVIVAL OF HUMAN CONSCIOUSNESS

This article reveals the significance of the creative heritage of the great thinker Abai for the formation of a harmonious personality through spiritual, moral and basic national values. It not only forms the highest spiritual values of the Kazakh people, but also contributes to the treasury of world culture, and today occupies a special place in the spiritual development of a person. Abai Kunanbayev believed that as a result of the harmonious and spiritual development of the individual, it is possible to modernize not only the present of the state, but also its future, encouraging the feelings of a citizen of the country to cultivate the universal values of duty to the country.

Special attention is paid to the fact that if we can use the precious heritage of Abai as spiritual wealth, the modernization of public consciousness will be carried out at the proper level.

The article focuses on the deontological characterization of the teacher from the point of view of Abai's wisdom, i.e. the problem of deontological readiness of representatives of society as a means of ensuring the well-being of the state as a whole and as a strategic tool in the spiritual and moral education of young people is considered.

The article reveals the creative heritage of the great thinker Abai, which not only increases the spiritual riches of the Kazakh people, but also contributes to the treasury of world culture, and today occupies a special place in the spiritual development of a person. From the above it follows that in this article special attention is paid to the knowledge of Abai, Abai studies, this is not only a matter of literature, science and art, culture, but also a matter of psychology, pedagogy, educational activities, i.e. a national matter.

Keywords: Abai, science, consciousness, spiritual modernization, deontology.

Теруге 15.03.2021 ж. жіберілді. Басуға 29.03.2021 ж. кол қойылды.

Электронды баспа

2,30 Мб RAM

Шартты баспа табағы 15,8.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3748

Сдано в набор 15.03.2021 г. Подписано в печать 29.03.2021 г.

Электронное издание

2,30 Мб RAM

Усл.п.л. 15,8. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3748

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

pedagogic-vestnik.tou.edu.kz